



"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің, комитеттерінің, Корпоративтік хатшысының 2020-2021 жылдардағы жұмысы туралы Корпоративтік хатшының есебі.

## Мазмұны

|      |   |    |
|------|---|----|
|      | Кіріспе   | 3  |
| 1    | Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру  | 4  |
| 1.1. | Директорлар кеңесінің құрамы  | 4  |
| 1.2. | Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы  | 6  |
| 1.3. | Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері   | 8  |
| 1.4. | Директорлар кеңесінің, атқарушы орган-басқарманың жауапкершілігін шектеу  | 9  |
| 2.   | Директорлар кеңесінің қызметі   | 11 |
| 2.1. | Директорлар кеңесі отырыстарының саны және оларға Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің келуі   | 11 |
| 2.2. | Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының саны және оларға тиісті комитеттердің әрбір мүшесінің келуі                                      | 12 |
| 2.3. | Есепті кезеңде Директорлар кеңесі қараған мәселелер туралы ақпарат  | 14 |
| 2.4. | Директорлар кеңесінің комитеттері 2020-2021 жылдары қараған мәселелер туралы ақпарат  | 19 |
| 2.5. | Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпарат   | 22 |
| 2.6. | 2020 жылғы қазан мен 2021 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімдерінің орындалуына мониторинг. | 23 |
| 3    | Корпоративтік басқару бойынша ақпарат   | 33 |
| 3.1. | 2020-2021 жылдардағы корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат  | 33 |
| 3.2. | Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша қабылданып жатқан шаралар   | 36 |
| 3.3. | Есепті жылдағы Корпоративтік хатшының қызметі   | 37 |
| 4    | Қорытынды   | 39 |

## Кіріспе

Осы "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Корпоративтік хатшысының есебі (бұдан әрі-есеп, тиісінше Университет) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексiне, "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ корпоративтік хатшысы туралы ережеге және корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған.

Есептің мақсаты Директорлар кеңесінің жүргізіп жатқан жұмысы туралы және 2020 – 2021 жылдарға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған елеулі мәселелер туралы хабардар ету болып табылады.

Есеп үш негізгі бөлімнен тұрады. "Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру" бірінші бөлімінде Директорлар кеңесінің құрамы, директорларды іріктеу өлшемдері, Директорлар кеңесі мен басқарманың жауапкершілігін шектеу туралы ақпарат ұсынылған.

"Директорлар кеңесінің қызметі" деген екінші бөлімде Директорлар кеңесі отырыстарының саны және оған мүшелерінің қатысуы туралы, Директорлар кеңесінің күндізгі және сырттай отырыстарының сандық көрсеткіштері туралы, Директорлар кеңесі мен олардың комитеттері қараған мәселелер туралы ақпарат, Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімдерінің және директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпарат берілген.

"Корпоративтік басқару жөніндегі ақпарат" үшінші бөлімінде Корпоративтік даму бойынша жүргізілген жұмыс туралы ақпарат, 2020-2021 жылдары корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат ұсынылған, университетте корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар, сондай – ақ корпоративтік хатшының қызметі туралы ақпарат баяндалған.

Тұтастай алғанда, есептің мазмұны мен құрылымы мүдделі тұлғаларға Директорлар кеңесі мен Корпоративтік хатшының есепті кезеңдегі қызметі туралы толық ұсыну үшін ашылған.





## 1. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

### 1.1. Университет Директорлар кеңесінің құрамы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес директорлар кеңесін акционерлердің жалпы жиналысы (Жалғыз акционер) сайлайды.

Қоғам Жарғысының 15-бөлімі 65-тармағының 8-тармақшасына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау жатады

05.10.2020 жылғы жағдай бойынша Қоғамның директорлар Кеңесі 6 (алты) мүшеден тұрады: (№1 кесте)

**№ 1 кесте. Директорлар кеңесінің құрамы  
коммерциялық емес акционерлік қоғам  
"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті"**

| Директорлар кеңесінің төрағасы |  |  |
|--------------------------------|--|--|
| 1                              | Дәуленов<br>Мирас<br>Мұхтарұлы         | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Вице-министрі   |
| Директорлар кеңесінің мүшелері |  |  |
| 2                              | Тойбаев<br>Амангелді<br>Сағынбайұлы    | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының басшысы (келісім бойынша). |
| 3                              | Оспанғалиев<br>Қажымұқан<br>Әлімханұлы | Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары (келісім бойынша).   |
| 4                              | Максұтова<br>Зейнеп<br>Әбдіжүсіпқызы   | Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы (келісім бойынша).   |
| 5                              | Ерназар<br>Шынасыл                     | «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ, тәуелсіз директор (келісім бойынша).  |

|   |                                      |   |
|---|--------------------------------------|---|
|   | Жеңісұлы                             |   |
| 6 | Абайдилдин<br>Талғатбек<br>Жамшитұлы | «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» ММ Стратегиялық зерттеулер және болжау қызметінің аға ғылыми-қызметкері, тәуелсіз директор (келісім бойынша). |

2020-2021 жылдар аралығында Директорлар кеңесінің құрамы келесі өзгерістер болды:

- Жалғыз Акционердің шешімімен (ҚР БҒМ № 535 бұйрығы: 22.12.2020) Директорлар кеңесінің құрамына Басқарма Төрағасы – "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ректоры Төлеген Мұхтар Әділбекұлы сайланды (енгізілді);

- Жалғыз Акционердің шешімімен (ҚР БҒМ 27.04.2021 ж. № 183 бұйрығы) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқарма басшысы Амангелді Сағынбайұлы Тойбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының бас сарапшысы (келісім бойынша) Өтемжарова Назерке Талғатқызы сайланды;

- Жалғыз Акционердің шешімімен (ҚР БҒМ 09.07.2021 № 328 бұйрығы) Директорлар кеңесінің мүшесі – төрағасы Дауленов Мирас Мұхтарұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланды: Ерғалиев Қуаныш Асылханұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Вице-министрі, Тойкебаева Баян Жумашевна-Феликс Астана негізін қалаушы, Rotary club Astana президенті, Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы төрағасының орынбасары, тәуелсіз директор.

Осылайша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Директорлар кеңесі келесі 8 мүшеден тұрды:

|   |                                   |   |
|---|-----------------------------------|---|
| 1 | Ерғалиев<br>Қуаныш Асылханұлы     | Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚР Білім және ғылым вице-министрі.                      |
| 2 | Максұтова<br>Зейнеп Әбдіжүсіпқызы | Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы |



|   |                                     |  |
|---|-------------------------------------|--|
|   |                                     | (келісім бойынша).   |
| 3 | Абайдилдин<br>Талғатбек Жамшитұлы   | тәуелсіз директор, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы сенаторлар Кеңесінің мүшесі.   |
| 4 | Ерназар Шынасыл<br>Жеңісұлы         | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"КЕ АҚ, қаржы-экономикалық департаментінің директоры, тәуелсіз директоры   |
| 5 | Оспанғалиев<br>Қажымұқан Әлімханұлы | Ұлан ауданы бойынша аудандық білім бөлімінің меңгерушісі.  |
| 6 | Өтемжарова<br>Назерке Талғатқызы    | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының бас сарапшысы (келісім бойынша). |
| 7 | Тойкебаева Баян<br>Жұмашқызы        | тәуелсіз директор, "Феликс Астана"ЖШС Бас директоры.   |
| 8 | Төлеген Мұхтар<br>Әділбекұлы        | Басқарма Төрағасы - "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ ректоры.   |

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы толық мәліметтер университеттің веб-сайтында "Корпоративтік басқару" бөлімінде орналастырылған. <https://www.vku.edu.kz/ru/page/sovet-direktorov.html?theme=vkgu>

## 2. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 18 қарашадағы шешімімен (18.11.2020 №3 хаттама) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы көмек көрсету үшін Директорлар кеңесінің үш комитеті құрылды: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, аудит жөніндегі комитет және кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет.

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесінің 18.11.2020 ж. №3 шешімімен бекітілген "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті "КЕАҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы" Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттер Директорлар кеңесінің Консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады.

Комитеттердің жұмысы әділ, салмақты ұсынымдарды әзірлеуге ықпал етеді және директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар. Комитет отырыстарына комитет төрағасының шақыруымен университеттің лауазымды тұлғалары да, қызметкерлері де қатысады. Барлық комитеттерде хатшының функцияларын Корпоративтік хатшы орындайды.

18.11.2020 жылға комитеттердің келесі құрамы әрекет етті:

**1.1 Стратегиялық жоспарлау комитеті:**

1. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович -Төраға
2. Ерназар Шынасыл Жеңісұлы
3. Махсұтова Зейнеп Абдыжусуповна

**1.2 Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті:**

1. Махсұтова Зейнеп Абдыжусуповна -Төраға
2. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович
3. Оспанғалиев Кажумкан Алимханович

**1.3 Аудит жөніндегі комитеті:**

1. Ерназар Шынасыл Жеңісұлы-Төраға
2. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович
3. Махсұтова Зейнеп Абдыжусуповна

Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор Тойкебаева Баян Жұмашқызының (жалғыз акционердің шешімі (ҚР БҒМ 09.07.2021 ж. № 328 бұйрығы) сайлануына байланысты және корпоративтік басқару кодексінің "Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің негізгі комитеттерінің төрағалары сайлайды - аудит, тағайындаулар және сыйақылар мәселелері бойынша..." Директорлар кеңесінің шешімімен (26.08.2021 ж. №4 хаттама) Тойкебаева Баян Жұмашқызы тәуелсіз директорлар Кадрлар және сыйақылар комитетінің төрайымы болып сайланды.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрайымы Тойкебаева Баян Жұмашқызы "Good Governance" мектебінде оқудан өтті және сертификатталған корпоративтік директор болып табылады.

31.12.2021 жылғы жағдай бойынша комитеттердің келесі құрамы әрекет етті:

**1.1 Стратегиялық жоспарлау комитеті:**

1. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович -Төраға
2. Ерназар Шынасыл Жеңісұлы
3. Махсұтова Зейнеп Абдыжусуповна

**1.2 Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті:**

1. Тойкебаева Баян Жұмашқызы -Төраға



2. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович
3. Оспангалиев Кажумкан Алимханович

### **1.3 Аудит жөніндегі комитеті:**

1. Ерназар Шынасыл Жеңісұлы-Төраға
2. Абайдильдин Талгатбек Жамшитович
3. Махсутова Зейнеп Абдыжусуповна

### **3. Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері**

Корпоративтік басқарудың белгіленген практикасына және "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 54-бабы 5-тармағының талаптарына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 74-тармағына сәйкес директорлар құрамына тәуелсіз директорлар сайланады, олардың саны директорлар Кеңесі құрамының кемінде 30% - ы болуға тиіс.

"Акционерлік қоғамдар" туралы Заңның 1 — бабының 20) тармағына сәйкес тәуелсіз директор-Директорлар кеңесінің мүшесі, ол

1) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда),


2) Осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары - ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты емес;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай емес;

4) осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспаса және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса тоқтатылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Тәуелсіз директорлардың саны қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және Жалғыз акционерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды. Директорлар кеңесінің құрамы да гендерлік теңгерімді сақтауы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында 31.12.2021 жылғы жағдай бойынша үш тәуелсіз директор бар, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 37,5% - ын (40%) пайыздық мәнде құрайды.





Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қатер төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Қоғаммен, оның басқаруымен немесе меншігімен қатынастардан еркін болып табылады.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік болуына қатысты мәмілелер жасасу, Басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) белсенді қатысады. Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің Аудит, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі негізгі комитеттерінің төрағалары сайлайды, басқа комитеттерде олар мүше бола алады.

ДК мүшелері – тәуелсіз директорлар мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар шарттармен реттеледі. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексінің (16.07.2021 ж. редакциясында) 56-1 тармағына сәйкес "Директорлар кеңесінің мүшелері-тәуелсіз директорлармен Шартты Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры жасайды". 01.08.2021 жылдан бастап Қоғамның тәуелсіз директорларымен шарттар жасалды. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік басқару Кодексі және тәуелсіз директорлармен жасалған шарттар Директорлар кеңесінің отырысына әрбір қатысқаны үшін 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде сыйақы төлеуді көздейді. Тәуелсіз директорларға шарт жасалған сәттен бастап Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы төленді.

#### **4. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган-Басқарма жауапкершілігінің аражігін ажырату**

Жалғыз акционер, директорлар Кеңесі және Қоғам Басқармасы арасында өкілеттіктерді бөлу Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттармен айқындалады.

Директорлар кеңесі басқару органы болып табылады, жалғыз акционер мен Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, университет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері ҚР заңнамасына, Жарғыға, корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі:

- 1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;
- 2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру міндетті.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты қоғамның атқарушы органы-Басқарма (ректорат) жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры басқарады.

Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және қоғам мен жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануға тиіс.

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер Қоғамның Жарғысында көрсетілген.

Басқарма құрамына 5 мүше кіреді: басқарма төрағасы – ректор, Басқарма төрағасының орынбасары – стратегиялық мәселелер және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі – экономика және цифрландыру жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор.

Басқарма құрамының ауысуы №2 кестеде келтірілген.

| № п/п | Тегі, Аты, Әкесінің аты | Лауазымы  | Сайланған күні | Тоқтату күні |
|-------|-------------------------|---|----------------|--------------|
| 1     | Төлеген М.Ә.            | Басқарма төрағасы-ректор  | 15.12.2020     |              |
| 2     | Ровнякова И.В.          | Басқарма төрағасының орынбасары - Стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор | 27.01.2021     |              |
| 3     | Бекиш Ұ.А.              | Басқарма мүшесі - экономика және цифрландыру жөніндегі проректор                          | 27.01.2021     |              |
| 4     | Абызбаев Б.Е.           | Басқарма мүшесі-тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор                          | 05.05.2021     | 09.06.2021   |

2021 жылы Қоғам Басқармасы басқарманың 10 отырысын өткізді, 55



мәселе қаралды және 136 шешім қабылданды.

## 2. Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі

### 1. Директорлар кеңесі отырыстарының саны және оларға Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің келуі.

2020 жылы 05.10.2020-31.12.2020 аралығында Директорлар кеңесі 6 (алты) отырыс өткізді, оның ішінде 4 (төрт) күндізгі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы өткізілген 2 (екі) отырыс болды. 2021 жылы Директорлар кеңесі күндізгі нысанда 6 (алты) отырыс өткізді. Жалпы алғанда Директорлар кеңесіне 2020 жылы 29 мәселе (бір мәселе күн тәртібінен алынды), 2021 жылы 37 мәселе (үш мәселе күн тәртібінен алынды) шығарылды, 62 мәселе қаралып, шешім қабылданды.


Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы



**Ескерту:** Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің 24video - ға келуі ерекше кезеңде мынадай: М.М. Дауленов - 6 иб (100%), т. ж. Абайдильдин – 6 – дан 6 (100%), К. А. Дауалиев 6 – дан 5( 83%), А. С. Тойбаев-6-дан 6 (100%), З. А. Максұтова-6-дан 6 (100%), г. Ж. Ерназар-6-дан 6 (100%)%.

**Келмеу себептері:** К. А. Оспанғалиев жеке жағдайларға байланысты болмаған.

### ДК мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарғы қатысуы



**Ескерту:** ДК мүшелерінің әрқайсысының есепті кезеңдегі отырыстарға пайыздық мәнде қатысуы мынадай түрде болады: Дауленов М.М. – 6 -дан 1 (17%), Ергалиев К.А. – 6 –дан 3 (50%), Абайдильдин Т.Ж. – 6 – дан 5 (83%), Оспанғалиев К.А. – 6-дан 5 (83%), Максұтова З.А. – 6-дан 6 (100%), Ерназар Ш.Ж. –6-дан 5 (83%), Тойбаев А.С. – 6-дан 1 (17%), Утемжарова Н.Т. – 6-дан 5 (83%), Тойкебаева Б.Ж. – 6 –дан 3 (50%), Төлеген М.Ә. – 6 –дан 6 (100%).

#### Болмау себептері:

Тойбаев А.С. - мерзімінен бұрын өз өкілеттігін 27.04.2021 ж. бастап тоқтатты (Жалғыз акционердің 27.04.2021 ж. №183 шешімі), Дауленов М.М. мерзімінен бұрын өз өкілеттігін 09.07.2021 ж. бастап тоқтатты (Жалғыз акционердің 09.07.2021 ж. №328 шешімі), Қ.А. Ергалиев 09.07.2021 ж. бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды (Жалғыз акционердің 09.07.2021 ж. №328 шешімі), Н. Т. Өтемжарова 27.04.2021 ж. бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды (Жалғыз акционердің 27.04.2021 ж. №183 шешімі), Б. Ж. Тойкебаева 09.07.2021 ж. бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды (Жалғыз акционердің 09.07.2021 ж. №328 шешімі). 09.07.2021), К. А. Оспанғалиев, Ш.Ж. Ерназар, Т. Ж. Абайдильдин жеке жағдайларға байланысты бір отырыста болған жоқ.

## 2. Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының саны және оларға тиісті комитеттердің әрбір мүшесінің келуі

### Стратегиялық жоспарлау комитеті 2020 жылы

| Комитет мүшесінің аты-жөні               | 19.11.2020<br>(бетпе – бет<br>отырыс) | 09.12.2020<br>(бетпе – бет<br>отырыс) | Отырыстардың<br>барлығы |
|--|---------------------------------------|---------------------------------------|-------------------------|
| Барлығы                                  |                                       |                                       | 2                       |
| Абайдильдин Т.Ж.-<br>комитет<br>төрағасы | 1                                     | 1                                     | 2                       |



|                |   |   |   |
|----------------|---|---|---|
| Махсұтова З.А. | 1 | 1 | 2 |
| Ерназар Ш.Ж.   | 1 | 1 | 2 |

### Стратегиялық жоспарлау комитеті 2021 жылы

| Комитет мүшесінің аты-жөні         | 07.06.21<br>(бетпе – бет отырыс) | 03.11.21<br>(бетпе – бет отырыс) | 17.11.21<br>(бетпе – бет отырыс) | 02.12.21<br>(бетпе – бет отырыс) | Отырыстардың барлығы |
|------------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------|
| Барлығы                            |                                  |                                  |                                  |                                  | 4                    |
| Абайдильдин Т.Ж.- комитет төрағасы | 1                                | 1                                | 1                                | 1                                | 4                    |
| Махсұтова З.А.                     | 1                                | 1                                | 1                                | 1                                | 4                    |
| Ерназар Ш.Ж.                       | 1                                | 1                                | 1                                | 1                                | 4                    |

Сондай-ақ комитеттердің үш бірлескен отырысы өтті

1. Стратегиялық жоспарлау Комитеті мен кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің бірлескен отырысы 24.02.2021.
2. Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет пен аудит жөніндегі комитеттің бірлескен отырысы 12.03.2021.
3. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет пен аудит жөніндегі комитеттің 15.09.2021 жылғы бірлескен отырысы.

### Аудит жөніндегі комитет

| Комитет мүшесінің аты-жөні     | 14.01.21<br>(бетпе- бет отырысы) | 24.04.21<br>(бетпе – бет отырысы) | 02.12.21<br>(бетпе – бет отырысы) | Отырыстардың барлығы |
|--------------------------------|----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|----------------------|
| Барлығы                        |                                  |                                   |                                   | 3                    |
| Ерназар Ш.Ж.- комитет төрағасы | 1                                | 1                                 | 1                                 | 3                    |
| Махсұтова З.А.                 | 1                                | 1                                 | 1                                 | 3                    |
| Абайдильдин Т.Ж.               | 1                                | 1                                 | 1                                 | 3                    |

### Комитет по кадрам и вознаграждениям

| Комитет мүшесінің аты-жөні                      | 09.06.21<br>(бетпе- бет отырысы) | 09.11.21<br>(бетпе- бет отырысы) | 03.12.201<br>(бетпе- бет отырысы) | Отырыстардың барлығы |
|---|----------------------------------|----------------------------------|-----------------------------------|----------------------|
| Всего   |                                  |                                  |                                   | 3                    |
| Махсұтова З.А.- комитет төрағасы 24.08.21 дейін | 1                                |                                  |                                   | 1                    |
| Тойкебаева Б.Ж.- комитет төрағасы 2021          |                                  | 1                                | 1                                 | 2                    |

|                          |   |   |   |   |
|--------------------------|---|---|---|---|
| жылғы 24 тамыздан бастап |   |   |   |   |
| Оспанғалиев К.А.         | 1 | 1 | 1 | 3 |
| Абайдильдин Т.Ж.         | 1 | 1 | 1 | 3 |

### 3. Есепті кезеңде Директорлар кеңесі қараған мәселелер туралы ақпарат

**Директорлар кеңесі 2020 жылы қараған мәселелер туралы ақпарат.**

05.10.2020-31.12.2020 аралығындағы кезеңде қоғамның директорлар Кеңесі 6 (алты) отырыс өткізді, оларға 29 сұрақтары, бір сұрақ күн тәртібінен алынды.

Осылайша, келесі мәселелер бойынша шешімдер қаралды және қабылданды:

1. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
2. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Корпоративтік хатшысын тағайындау және өкілеттік мерзімі мен лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау туралы;
3. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Басқарма Төрағасы – ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібін бекіту туралы;
4. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ құрылымы мен штат санын бекіту туралы;
5. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Басқарма Төрағасы – ректоры лауазымына конкурс жариялау туралы;
6. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
7. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ ішкі құжаттар жіктеуішін бекіту туралы;
8. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Директорлар кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
9. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысының мөлшерін және көрсетілетін ақылы қызметтер құнының 2020-2021 оқу жылына арналған прейскурантын бекіту туралы;
10. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту туралы;
11. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ құпия ақпаратты жария етпеу туралы ережені бекіту туралы;
12. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ



- Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
13. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы;
  14. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;
  15. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту туралы;
  16. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ комитеттерін құру және директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларын бекіту туралы;
  17. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ құпия ақпаратқа рұқсаты бар лауазымды тұлғалардың тізбесін айқындау туралы;
  18. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ корпоративтік хатшыны педагогикалық қызметке жіберуді келісу туралы;
  19. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасары-Стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі-тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі – экономикалық мәселелер және цифрландыру жөніндегі проректор лауазымдарына конкурс жариялау туралы;
  20. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;
  21. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті"коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – ректоры лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген үміткерлер ұсынған құжаттарды қарау және жоғары оқу орнын дамыту бағдарламаларын тыңдау;
  22. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы;
  23. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған 2021 жылғы бөлігіндегі даму жоспарын жыл сайын нақтылауды бекіту туралы;
  24. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың есеп саясатын бекіту туралы;
  25. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Басқармасы туралы ережені бекіту, басқарманың сандық құрамын және оның мүшелерінің өкілеттік мерзімдерін айқындау туралы;
  26. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ төрағасы, Басқарма мүшелері және бас бухгалтерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру туралы ережені бекіту туралы;
  27. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының, Қоғам Басқармасы мүшелерінің, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы;






28. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы іссапар шығыстары жөніндегі ақпаратты егжей-тегжейлі талдауды қарау;
29. Проректорларды атқаратын қызметінен босату және оларды конкурсқа дейін уақытша міндетін атқарушы етіп тағайындау туралы. (мәселе отырыстың күн тәртібінен алынды).

2021 жылы Директорлар кеңесі 6 (алты) отырыс өткізді, оған 34 сұрақтар шығарылды

Осылайша, келесі мәселелер бойынша шешімдер қаралып, қабылданды.

1. Құжаттарды қарау, әңгімелесулер өткізу және "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Басқарма мүшелері (Басқарма төрағасының орынбасары – Стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі - тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі – экономикалық мәселелер және цифрландыру жөніндегі проректор) лауазымдарына үміткер кандидаттарды сайлау;
2. 2020 жылға қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін келісу туралы;
3. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындау туралы;
4. Құжаттарды қарау, әңгімелесу өткізу және "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры лауазымына үміткер кандидатты сайлау;
5. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы;
6. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ төрағасы, Басқарма мүшелері және бас бухгалтерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру туралы ереженің жобасын бекіту туралы;
7. Басқарма Төрағасы – ректордың және Басқарма мүшелерінің КРІ карталарын бекіту туралы;
8. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ құрылымын бекіту туралы;
9. Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
10. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос





- лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереженің жобасын бекіту туралы;
11. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті"КЕАҚ 2020 жылға аудиттелген қаржылық есептілікті және таза табысты бөлу тәртібін алдын ала келісу туралы;
  12. 2021-2022 оқу жылына арналған" Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысының мөлшерін бекіту туралы;
  13. Абайтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысы туралы есепті тыңдау;
  14. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы;
  15. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ - тың 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы жөніндегі 2020 жылға арналған есебін бекіту туралы;
  16. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті "КЕАҚ 2020 жылға арналған даму бағдарламасының Корпоративтік көрсеткіштерін орындау туралы;
  17. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасының жобасын және директорлар кеңесінің отырысында қарауға жататын құжаттарды Корпоративтік хатшыға ұсыну тәртібі туралы ереженің жобасын бекіту туралы;
  18. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
  19. Басқарма мүшесі-тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор бос лауазымына орналасуға конкурс жариялау туралы мәселені қарау;
  20. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарау;
  21. Директорлар кеңесі комитетінің құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау;
  22. "Үстіңгі қабаттардың инженериясы және трибология" ғылыми-зерттеу орталығының қызметі туралы есепті тыңдау;
  23. 2020 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру туралы;
  24. Басқарма мүшесі - тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Абызбаев Бағдәулет Ермаханұлының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;


17



25. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ-тың даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды қарау және бекіту (2021 жылғы 2 жартыжылдық);
26. Құжаттарды қарау, әңгімелесу өткізу және "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті"КЕАҚ Басқарма мүшесі - тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректорын сайлау;
27. 2021-2022 оқу жылына арналған "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ ақылы қызметтерінің құнын қарау және бекіту;
28. Корпоративтік хатшыны оқытушылық қызметпен айналысуға жіберу туралы мәселені қарау;
29. Университеттің штаттық саны мен құрылымын қарау және бекіту;
30. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ – тың 2020 жылға арналған даму жоспарының іске асырылу бағасын қарау және бекіту;
31. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының лауазымдық жалақысының мөлшерін өзгерту туралы мәселені қарау (күн тәртібінен алынып тасталды);
32. Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ережені қарау (күн тәртібінен алынды);
33. Зияткер ФБО қызметі туралы есепті тындау (күн тәртібінен алынды);
34. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ – тың 2020 – 2024 жылдарға арналған 2022 жылғы бөлігіндегі даму жоспарын жыл сайын нақтылауды қарау және бекіту;
35. 2021 жылғы қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін келісу;
36. Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
37. Құжаттарды қарау, әңгімелесу өткізу және "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті"КЕАҚ Басқарма мүшесі - тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректорын сайлау.

Осылайша, есепті кезеңде Директорлар кеңесі барлық шешімдерді қарады және қабылдады:

- қаржылық есептілік және жоспарлау бойынша-11
- стратегиялық сипаттағы - 6
- ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және бақылау мәселелері бойынша -3
- корпоративтік басқару-18
- кадрларға және сыйақыларға - 10
- ішкі құжаттарды бекіту бойынша – 14





62 мәселені қарау қорытындысы бойынша 78 шешім қабылданды, оның ішінде 12 тапсырма мен ұсыным берілді, 12 – сі орындалды.

Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімдерін орындау мониторингі бойынша толық ақпарат осы есептен 2.6-кестеде берілген.

#### **4. Директорлар кеңесінің комитеттері 2020-2021 жылдары қараған мәселелер туралы ақпарат**

